

**«СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН  
УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК  
ҚОҒАМЫ**

**БЕКІТЕМІН**

**«Сәрсен Аманжолов атындағы  
Шығыс Қазақстан университеті»  
КЕАҚ қабылдау комиссиясының  
төрағасы, профессор**

**М.Ә.Төлеген**

**2026 ж.**



**«Музыка мұғалімдерін даярлау»  
білімділік жобасы бойынша шығармашылық емтихан  
БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Өскемен қ., 2026 ж.**

## ТҮП НҰСҚА

1. Жоғарғы білім беру бағдарламасын жүзеге асыру негізіндегі түп нұсқаның оқуға қабылдау ережесі. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 31 қазан 2018ж №600 (өзгерістермен және толықтырулармен 8 шілде 2025ж №341)

## ТҮСІНІКТЕМЕ

Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес «Музыка мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау шығармашылық емтихандардың нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады.

Шығармашылық емтихан музыкалық дайындық деңгейін тексеруге, талапкердің таңдаған мамандығына шығармашылық даралығы мен қабілеттерін анықтауға бағытталған.

«Музыка мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша шығармашылық емтихандар бағдарламасы Арнайы білім беруді ескере отырып (дайындығы бар адамдар үшін) мектеп курсының негізінде негізделеді.

## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

1.1 Оқуға түсетін талапкерлер, университеттің қабылдау комиссиясының өткізуімен шығармашылық емтихан тапсырады.

1.2 Өтініш қабылдау 20 маусым – 10 тамыз аралығында 30-Гвардия дивизиясы, 34 мекен жайы бойынша немесе <https://vku.edu.kz> сайтында қабылданады

1.3 Шығармашылық емтихан – 07 шілде мен 15 тамыз аралығында өтеді.

1.4 Білім беру жобасы бойынша – шығармашылық дайындықты талап ете отырып орта техникалық және кәсіби неме орта білімінен кейін – екі шығармашылық емтихан тапсырады.

1.5 Жоғарғы білім беру бағдарламасы бойынша орта арнайы музыкалық білімнен кейін, жеделдетілген оқу түрі бойынша – бір шығармашылық емтихан тапсырады.

1.6 Орта білім, мамандық бойынша негізгі орта және техникалық білім бойынша құжаттары бар талапкерлер – 50 балдың жүйесі бойынша бағаланады. Мамандық бойынша жоғарғы білім жобасы, талапкерлерге – жеделдетілген оқу түрі бойынша 20 балдық жүйемен бағаланады.

1.7 Жоғарғы білім беру жобасы бойынша, шығармашылық емтихан тапсыратын талапкерлер, университеттің қабылдау комиссиясына төмендегі құжаттарды тапсыру қажет:

1) Жалпы білім, техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі – диплом, аттестат (түп нұсқа)

2) 2 фото 3\*4 см

3) Жеке басының құжаты (көшірме)

4) Сертификат ҰБТ (түп нұсқа)

1.8 Шығармашылық емтихан – ұнтаспа, бейнетаспа орнатылған, арнайы аудиторияда өтеді.

1.9 Шығармашылық емтиханға келгенде, талапкерлер өзімен бірге жеке басының құжаты мен рұқсат қағазын алып келуі керек.

Шығармашылық емтиханға дәлелді себеппен келмеген, растайтын құжаттарды (талапкердің науқастануы, Төтенше жағдайлар немесе жол-көлік оқиғалары, жақындарының қайтыс болуы) ұсынған адамдар шығармашылық емтиханға Пәндік комиссия төрағасының атына жазбаша өтініш негізінде басқа уақытта, қосымша белгіленген күні шығармашылық емтихандардың аяқталу мерзімінен кешіктірілмей жіберіледі.

1.10 Шығармашылық емтиханға дәлелсіз себеппен келмеген талапкерлер емтихан тапсыруға жіберілмейді.

1.11 Шығармашылық емтихан басталмай тұрып талапкерлерге емтихан тапсыру ережелері түсіндіріледі. Емтиханның басталу уақыты және аяқталу уақыты көрсетіліп, апелляцияға өтініш беру туралы айтылады.

*Онлайн емтихан тапсыруға арналған техникалық талаптар:*

- Тұрақты қосылған интернет желісіне қолжетімділік;
- Емтихан тапсыру үшін жұмыс орнын көрсету функциясы бар бейнеконференцбайланыс үшін белгіленген бағдарламаның болуы;
- Веб-камерамен және микрофонмен жабдықталған компьютердің, ноутбуктың, планшеттің, смартфонның болуы;
- Емтихан кезінде жұмыс орнынан кетуге тыйым салынады.

1.12 Шығармашылық емтиханды бағалау қорытындысы ведомостқа қойылып, хатамамен толтырылып, қабылдау комиссия төрайымына (орынбасарына) нәтижені хабарлау үшін жіберіледі. Хаттамаға төрайым және комиссия мүшелерінің қолы қойылады.

*Онлайн режимде баға қою рәсімі:*

Google нысандарын пайдалану арқылы ұпайлар қойылады. Комиссияның әрбір мүшесі осы нысанға қол жеткізе алады және оны баға қою арқылы онлайн толтырады. Әрі қарай, орташа баға көрсетіледі. Комиссия мүшелері бағалауды талқылайды, даулы жағдайларды (олар туындаған жағдайда) шешеді және түпкілікті шешім қабылдайды.

1.13 Шығармашылық емтиханның қорытындысы қабылдау комиссиясы емтихан алып болғаннан кейін сол күні хабарлайды.

1.14 Шығармашылық емтиханның нәтижесі бойынша, ведомостің көшірмесі ЖОО-на ақылы оқуға түсуге беріледі.

1.15 Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін колледжден кейін кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін бір шығармашылық емтихан тапсырады, атап айтқанда – **орындаушылық өнері**. (Оқуға түсуші қандай да бір музыкалық аспапты меңгергенін көрсетуі тиіс. 2 шығарманы орындау керек.)

1.16 Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына арнаулы немесе шығармашылық емтихан тапсырған адам өзі береді, шығармашылық емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылдайды және апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарайды. Шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция жөніндегі шешім комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

1.17 Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және Комиссияның барлық мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді. Апелляция нәтижелері бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің назарына жеткізіледі.

## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАННЫҢ МАЗМҰНЫ

Білім бағдарламасының бойынша екі шығармашылық емтихан белгіленді.

- Орындаушылық өнері
- Жалпы музыкалық қабілетті көрсету

### *Бірінші шығармашылық емтихан- «Орындаушылық өнері»*

*Бірінші шығармашылық емтихан- 2026 жыл 07 Шілде 09-00-ден 13.00-ге дейін және 2026 жыл 11 тамыз 09-00-ден 13.00-ге дейін өткізіледі.*

**Емтихан өтетін орын: № 2 оқу ғимараты, Бажова көшесі 7, аудитория № 50**

**Шектеу шаралары күшейген жағдайда емтихандар ZOOM бағдарламасы бойынша онлайн режимінде қабылданады.**

**Бірінші шығармашылық емтихан – «Орындаушылық өнер» - дәстүрлі формат**

Бұл емтихан талапкердің шығармашылық дайындығының дәрежесін анықтайды.

Емтихан тапсыру барысында талапкер екі музыкалық шығарма орындау керек.

Арнайы музыкалық білімі жоқ талапкерлер екі әнді кез-келген нұсқада орындайды (сүйемелдеусіз, кез-келген музыкалық аспапта, фонограммамен, өз музыкалық сүйемелдеуімен).

Егер талапкер өзінің вокалдық және аспаптық деректерін көрсеткісі келсе, ол кез-келген музыкалық аспапта бір ән мен бір аспаптық шығарма орындай алады.

Арнайы музыкалық білімі бар талапкерлер (БММ, ОАОО) бір вокалдық шығарманы (ән, романс, Ария), сондай-ақ музыкалық аспапта бір шығарманы орындауы тиіс.

**Бірінші шығармашылық емтихан – «Орындаушылық өнер» – онлайн формат**

Емтихан ZOOM бағдарламасы бойынша қабылданады. Конференцияға сілтеме алдын-ала жіберіледі. Емтихан алушыға қойылатын талаптар дәстүрлі форматқа тең.

***Екінші шығармашылық емтихан - «Жалпы музыкалық қабілеттерін көрсету»***

***Екінші шығармашылық емтихан*** 2026 жыл 09 шілде 09-00-ден 13.00-ге және 2026 жыл 13 тамыз 09-00-ден 13.00-ге дейін өткізіледі.

**Емтихан өтетін орын: № 2 оқу ғимараты, Бажова көшесі 7, аудитория № 50**

Шектеу шаралары күшейген жағдайда емтихандар ZOOM бағдарламасы бойынша онлайн режимінде қабылданады.

**Екінші шығармашылық емтихан «Жалпы музыкалық қабілеттерін көрсету» дәстүрлі формат**

Бұл емтиханда талапкер «Жалпы музыкалық қабілетін көрсету» бойынша тексеріледі

1. Ырғақты сезіну қабілеті. Тексеруші 3-4 дыбыс ырғағын алақанмен соғыс тексереді. Талапкер тыңдап қайталауы қажет.
2. Музыкалық есту қабілеті
  - А) тексеруші жеке дыбысты ойнайды, талапкер дыбысты тыңдап дауысымен қайталауы қажет.
  - Б) талапкер аспапқа қарамай дыбыс аралығымен гармониялық аккордтарды айыра білуі керек және неше дыбыстан тұратынын анықтау керек
3. Музыканы есте сақтау қабілеті. Тексеруші кішігірім әуенді ойнайды, талапкер естіп даусымен қайталауы қажет.

**Екінші «Жалпы музыкалық қабілеттерін көрсету» шығармашылық емтиханы онлайн форматта ZOOM бағдарламасы бойынша қабылданады. Конференцияға сілтеме алдын-ала жіберіледі. Емтиханға қойылатын талаптар дәстүрлі форматқа тең.**

**«МУЗЫКА МҰҒАЛПМДЕРІН ДАЯРЛАУ»** - жоғарғы білім бағдарламасы бойынша оқуға түсетін талапкерлердің мамандық және шығармашылық дайындығын тексеруге қойылатын негізгі талаптар

Музыкалық шығарманы аспапта жоғары деңгейде орындау дәрежесі бағаланады:

- Аспапты игеру және ойнау шеберлігі
- Шығарманы орындау кезіндегі эмоционалдық көркемдік
- орындалған шығарманың интерпретациялық сенімділігі
- Музыкалық орындаушылық шеберлігі
- Дикция тазалығы

- Жалпы музыкалық қабілетті – музыкалық есту қабілеті, ырғақты сезіну, музыкалық есте сақтауы.

## ТАЛАПКЕРЛЕРДІҢ АРНАЙЫ МУЗЫКАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫН ТЕКСЕРГЕН КЕЗДЕ ҚОЙЫЛАТЫН БАҒАЛАР КРИТЕРИИ

Жалпы орта білім, арнайы орта кәсіби білімі бар талапкерлер 50 балдық жүйемен бағаланады

### **Бірінші шығармашылық емтихан**

#### **«Орындаушылық өнері»**

45-50 ұпай орындау шеберлігі, артистік өнері, жоғары деңгейдегі музыкалық қабілетті, шығарманы толық орындағаны үшін қойылады

35-40 ұпай шығарманың мәтінін жатқа білу, барлық нюанстарды, штрихтарды, динамиканы, ырғақты, толық менгерген жағдайда қойылады

25-30 ұпай музыкалық шығарманың мәтінін жете менгермеген, орындау шеберлігі дәрежесі орташа жағдайда қойылады

20-25 ұпай талапкер сұрақтарға сенімсіз жауап беріп, аспапта ойнай алмаған кезде қойылады

15-10 ұпай шығарманы жартылай орындаған кезде қойылады

5 және одан төмен ұпай шығарма туралы мәліметтер айтқан кезде қойылды.

### **Екінші шығармашылық емтихан**

#### **Жалпы музыкалық қабілеттерін көрсету**

45-50 ұпай – талапкер ырғақты дәл ойнап дыбысты дауыстайды, бірден неше дыбыс ойнағанын анықтайды, музыкалық үзіндіні (әуенді) нақтылы есіне сақтап дыбыстайды.

35-40 ұпай- талапкер ырғақты дәлме-дәл көрсете алмауы, қайталап ойнаған кезде шапалақтау арқылы көрсетуі, музыкалық үзіндіні таза естімеуі, қайталап ойнаған кезде қателесуі, музыкалық дыбыстауды 1-2 рет қайталаудан кейін естуі.

25-30 ұпай ырғақты дәлме-дәл сезінбеуі, бірнеше рет қайталаған жағдайда музыкалық үзіндіні есте нашар сақтауы, дыбысты жалған естіп, дыбыстың неше саннан тұратынын анықтай алмауы.

20-25 ұпай талапкер ырғақты есіне сақтай алмайды, дыбысты жалған түрде қайталайды, бірнеше рет қайталанған дыбыстың санын айыра алмайды.

15-10 ұпай ырғақтың үзіндісін қайталаған кезде қойылады

5 және одан төмен ұпай ырғақтың 1-2 тактісін қайталаған кезде қойылды.

*Мамандыққа ұқсас жоғарғы білім бағдарламасы бойынша жеделдетілген оқуға түсетін талапкерлердің шығармашылық емтихан тапсыру барысында орындаушылық өнері 20 ұпайлық жүйемен бағаланады*

## **Шығармашылық емтихан**

### **Орындаушылық өнері**

18-20 ұпай шығарманы жоғары деңгейде орындау шеберлігі, артистігі, музыкалық және көркемдік орындау өнері үшін қойылады

16-17 ұпай музыкалық шығарманың мәтінің жатқа біліуі, барлық нюанстарды, штрихтарды, динамикалық өзгерістерді, ырғақты дәл орындағаны үшін қойылады

12-15 ұпай музыкалық шығарманы жетік білмеуі, орындаушылық шеберлігі төмен жағдайда қойылады

10-11 ұпай музыкалық шығарманың мәтінің толық меңгермеген және музыкалық қабілеті төмен дәрежеде қойылады

5 және одан төмен ұпай шығарма туралы мәліметтер айтқан кезде қойылды.

**Пән комиссиясының төрайымы**

**А.Кашей**